

Заратуштрашылдық

- ▣ Қабылдаған:Мақпал Маликовна
- ▣ Орындаған:Жарылқап Елемес

ЖОСПАРЫ

Кіріспе

Пайда болуы

Заратуштрашылдық кезеңдері

Авеста

Дерек сөздер

- ▣ Заратуиштрашылдық, зороастризм – Заратуиштра негізін салған ең көне діни және философиялық ілім.
- ▣ Зардұиштылық – отқа табыну дінінің есімі оны бастаушысы Зардұиш атына байланысты қойылған. Бұл дін Зардұишта пайғамбардың насихаттық кітабі Авестада айтылған Ахұра Мазда ұғымын өзек етіп өрбиді. Кейде бұл дінді Маздалық дін деп те атайды.
- ▣ Осыдан 3000 жыл бұрын Орта Азияда пайда болып, кейін Иран, Ауғанстан, Үндістан, Ирак, Таяу Шығыс елдері аумағына таралған. Қасиетті кітабы – «Авеста». Заратуиштрашылдық ізгілік пен қараулықты бір-біріне қарама-қарсы қоя отырып, дүниедегі барлық процестерді осы «мәңгілік екі бастаудың» күресімен байланыстырады. Бір ғана Жаратушы Ие – Ахура Маздаға сиынуды уағыздайды. Оттың адам баласының бойын тазартудағы рөлін жоғары бағалайды.^[1]
- ▣ Зардұиштылық діні әлде бір жаратушы бар екенін, от оның бейнесі екенін айтады, сол үшін де олар маздаған отқа табынады. Авестадағы басты ұғым Мазда қазақ тіліндегі маздаған отпен байланысты дейді, қазақ этимологтары. Ол ғана емес, батыс тіл танушылары үшін түсініксіз болып келген Авеста сөздері қазақ тілінде, түп түркілік тілнде өзінің әуелгі мағынасын шығарып сарнап кетеді. Сондықтан да Авеста зерттеуші қазақ ғалымдары қазақ аңыздарында айтылатын Бабай түкті шашты әзіз бабаны осы Зардұиш пайғамбармен бір адам деген ойды алға қояды.

- Заратуштрашылдықтың пайда болуы туралы ғылымда екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Бірінші көзқарас бойынша, Заратуштрашылдық Батыс Иранда, негізінен, Мидияда пайда болып, олардан парсылар қабылдаған, парсылар арқылы бүкіл шығысқа таралған. Бұл көзқарас “Авеста” мен Заратуштрашылдықтың пайда болуының “батыстық” немесе “мидиялық теориясы” деп аталады. Бұған қарама-қарсы екінші көзқарас – Заратуштрашылдық пен “Авестаның” пайда болуының “шығыстық” немесе “бактриялық” теориясы. Бұл теория бойынша, Заратуштрашылдық Бактрияда пайда болып, кейін батысқа, Мидия мен Парсы еліне таралған. “Авестадағы” деректер, діни-мифологиялық сюжеттер ондағы жырлардың Орта Азияда дүниеге келгенін айғақтайды.¹ Орыс ғалымы И.С. Брагинский “Авестада” батыс ирандықтардың діни ерекшеліктерін сипаттайтын ешқандай белгі жоқ екендігін атап көрсетеді. Санкт-Петербургтік ғалымдар С. Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтанов “Авестада” баяндалатын тарихи оқиғалар Каспий мен Арал теңіздерінің маңында, Әмудария, Сырдария және Еділ өзенінің бойында орын алған деп тұжырымдайды. “Авестада” Заратуштра сиынған Ахура Мазда құдайға табынуға қарсы шыққан Қазақстан мен Орт. Азияның көшпелі тайпаларының бәрі “турлар” деп аталған. Кейбір зерттеушілер “тур” халқын грек деректемелері бойынша кеінгі массагеттермен, яғни сақ тайпасымен байланыстырады. Ресей шығыстанушысы В.И. Абаевтың пікірінше, сақтардың басым көпшілігі Заратуштрашылдықты қабылдамаған.¹ Алайда олардың бір бөлігі Заратуштра ілімін қабылдап, оны алтайлықтар арасына таратты. Кейін бұл ілім бір құдайға сиынудың бастауы болған тәңіршілдік сенімге негіз болып қаланған.

Кезеңдері

- Абаев Заратуштрашылдықтың тарихын төрт кезеңге бөледі:
- ежелгі Заратуштрашылдық;
- Ахемен әулеті империясы кезіндегі Заратуштрашылдық;
- сақтар арасында таралған Заратуштрашылдық;
- Сасани әулеті империясы кезіндегі Заратуштрашылдық
- Бірінші және үшінші кезеңде Заратуштрашылдық Орта Азияда дамыған, мұны “жасампаздық кезеңдер” деп те атайды, ал екінші мен төртінші кезеңде Заратуштрашылдық Батыс Иранда дамиды, бұл кезеңді ғалымдар “догматтық-клерикалдық” деп атайды. Орыс философы А.О. Маковельский (1884 – 1969) шығыстық, Орта Азиялық және батыстық Заратуштрашылдықты бір-бірінен ажырата білу қажеттігін ескеріп, Орта Азиядан табылған алтын тақтайшаларда бейнеленген Заратуштрашылдық рәсімдер мен ежелгі грек авторлары баяндаған және “Авеста” деректерінде сипатталған Заратуштрашылдық рәсімдер арасында айырмашылық барын атап көрсетеді. Заратуштрашылдықтың тарихи дамуын және таралу аймағын ескере отырып, оны біртекті құбылыс деп айтуға болмайды. Әсіресе, Ахемен әулеті империясында Заратуштра ілімінен тек өздерінің қажетіне сай келетін монотеистік идеяларды ғана қабылдаған.

Дерек сөздер

- Бойс М., Зороастриицы. Верования и обычаи, М., 1988
- Жоғарыға көтеріліңіз↑ Маковельский А.О., Авеста, Баку, Известия АН АзССР, 1960
- Жоғарыға көтеріліңіз↑ Брагинский И.С., Из истории таджикской и персидской литературы, М., 1972
- Жоғарыға көтеріліңіз↑ Авеста в русских переводах (1861 – 1996). СПб., РГХИ, 1997
- Жоғарыға көтеріліңіз↑ Абаев В.И., Избр. труда, Владикавказ, 1980
- Жоғарыға көтеріліңіз↑ Лелеков Л.А., Авеста в современной науке, М., 1992.
- Жоғарыға көтеріліңіз↑ Погодин А.Л., Религия Зороастра, СПб, 1903
- Жоғарыға көтеріліңіз↑ "Қазақ Энциклопедиясы", 4 том 3 бөлім
- Жоғарыға көтеріліңіз↑ «Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. — Алматы: Атамұра, 2010. — 59 ISBN 978-601-282-026-3
- Оспанов Сапар Иманғалиұлы *Жаратушы елде Заратуштра қалай деді*, Атамұра баспасы, Алматы, 2003 ж.